

ISSN 1999-4214 (print)

ISSN 2957-5095 (online)

ЕУРАЗИЯ ГУМАНИТАРЛЫҚ ИНСТИТУТЫНЫҢ

ХАБАРШЫСЫ

ВЕСТНИК

ЕВРАЗИЙСКОГО
ГУМАНИТАРНОГО
ИНСТИТУТА

BULLETIN

OF THE EURASIAN HUMANITIES
INSTITUTE

№ 2/2023

Жылына 4 рет шығады
2001 ж. шыға бастаған

Выходит 4 раза в год
Начал издаваться с 2001 г.

Published 4 times a year
Began to be published in 2001

Астана, 2023

Бас редакторы **Дауренбекова Л.Н.**
А.Қ. Құсайынов атындағы Еуразия гуманитарлық институтының доценті,
филология ғылымдарының кандидаты, Астана, Қазақстан
Жауапты редактор **Алимбаев А.Е.**
А.Қ. Құсайынов атындағы Еуразия гуманитарлық институтының доценті,
философия докторы (PhD) Астана, Қазақстан

Редакция алқасы

Аймұхамбет Ж.Ә.	филология ғылымдарының докторы, профессор, Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Астана, Қазақстан
Ақтаева К.	филология ғылымдарының докторы, профессор, А. Мицкевич атындағы Польша университеті, Познань, Польша.
Әбсадық А.А.	филология ғылымдарының докторы, профессор, А. Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті, Қостанай, Қазақстан
Бредихин С.Н.	филология ғылымдарының докторы, профессор, Солтүстік Кавказ федералды университеті, Ставрополь, РФ
Гайнуллина Ф.А.	филология ғылымдарының кандидаты, доцент Ә. Бөкейхан атындағы университеті, Семей, Қазақстан
Ермекова Т.Н.	филология ғылымдарының докторы, профессор, Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті, Алматы, Қазақстан
Есиркепова К.Қ.	филология ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор, А. Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті, Қостанай, Қазақстан
Жүсіпов Н.Қ.	филология ғылымдарының докторы, профессор, Торайғыров университеті, Павлодар, Қазақстан
Курбанова М.М.	филология ғылымдарының докторы, профессор, Алишер Навои атындағы Ташкент мемлекеттік өзбек тілі мен әдебиеті университеті, Ташкент, Өзбекстан
Қамзабек Д.	ҚР ҰҒА академигі, филология ғылымдарының докторы, профессор, Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Астана, Қазақстан
Құрысжан Л.Ә.	филология ғылымдарының кандидаты, профессор, Ханкук шетелтану университеті, Сеул, Оңтүстік Корея
Онер М.	философия докторы (PhD), профессор, Эгей университеті, Измир, Туркия
Пименова М.В.	филология ғылымдарының докторы, профессор, Шет ел тілдері институты, Санкт-Петербург, РФ
Сайфулина Ф.С.	филология ғылымдарының докторы, профессор, Казан федералды университеті, Казан, Татарстан, РФ

Редакцияның мекенжайы: 010009, Астана қ., Жұмабаев даңғ., 4
Телефон/факс: (7172) 561 933; e-mail: eagi.vestnik@gmail.com, сайт: ojs.egi.kz

Еуразия гуманитарлық институтының Хабаршысы.

Меншіктенуші: «А.Қ. Құсайынов атындағы Еуразия гуманитарлық институты»

Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі Ақпарат комитетінде

қайта есепке қойылды. Тіркеу № KZ92VPY00046970 17.03.2022

Басуға 15.06.2023ж. қол қойылды. Пішімі 60*84 1\8. Қағаз офсеттік Көлемі. БТ.

Таралымы 200 дана. Бағасы келісім бойынша. Тапсырыс № 89

«Ақтаев У.Е.» баспасында басылып шықты

© А.Қ. Құсайынов атындағы Еуразия гуманитарлық институты

Главный редактор **Дауренбекова Л.Н.**
Кандидат филологических наук, доцент Евразийского гуманитарного института имени
А.К. Кусаинова, Астана, Казахстан

Ответственный редактор **Алимбаев А.Е.**
Доктор философии (PhD), доцент Евразийского гуманитарного института имени А.К. Кусаинова,
Астана, Казахстан

Редакционная коллегия

Аймухамбет Ж.А.	доктор филологических наук, профессор, ЕНУ имени Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан
Актаева К.	доктор филологических наук, профессор, университет имени Адама Мицкевича, Познань, Польша.
Абсадық А.А.	доктор филологических наук, профессор, Костанайский региональный университет имени А. Байтурсынова, Костанай, Казахстан
Бредихин С.Н.	доктор филологических наук, профессор, Северо-Кавказский федеральный университет, Ставрополь, РФ
Гайнуллина Ф.А.	кандидат филологических наук, доцент университет имени А. Бокейхана, Семей, Казахстан
Ермекова Т.Н.	доктор филологических наук, профессор, Казахский национальный женский педагогический университет, Алматы, Казахстан
Есиркепова К.К.	кандидат филологических наук, профессор, Костанайский региональный университет имени А. Байтурсынова, Костанай, Казахстан
Жусипов Н.К.	доктор филологических наук, профессор, Торайгыров университет, Павлодар, Казахстан
Курбанова М.М.	доктор филологических наук, профессор, Ташкентский государственный университет узбекского языка и литературы им. Алишера Навои, Ташкент, Узбекистан
Камзабек Д.	академик НАН РК, доктор филологических наук, профессор, ЕНУ имени Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан
Курысжан Л.А.	кандидат филологических наук, профессор, Университет иностранных языков Ханкук, Сеул, Южная Корея
Онер М.	доктор философии (PhD), профессор, Эгейский университет, Измир, Турция
Пименова М.В.	доктор филологических наук, профессор, Институт иностранных языков, Санкт-Петербург, РФ
Сайфулина Ф.С.	доктор филологических наук, профессор, Казанский федеральный университет, Казань, Татарстан, РФ

Адрес редакции: 010009, г. Астана., пр. Жумабаева, 4
Телефон/факс: (7172) 561 933; e-mail: eagi.vestnik@gmail.com, сайт: ojs.egi.kz

Вестник Евразийского гуманитарного института.

Собственник: «Евразийский гуманитарный институт имени А.К.Кусаинова».

Министерством информации и общественного развития Республики Казахстан Комитет информации постановлено на переучет № KZ92VPY00046970 17.03.2022

Подписано в печать 15.06.2023 ж. Формат 60*84 1\8. Бум. Типогр.

Тираж 200. Цена согласовано. Заказ № 89

Напечатано в издательстве «У.Е. Актаева»

©Евразийский гуманитарный институт имени А.К. Кусаинова

Chief Editor Daurenbekova L.N.
Candidate of Philological Science, Associate Professor of the A.K. Kussayinov Eurasian Humanities
Institute, Astana, Kazakhstan

Editor-in-Chief Alimbayev A.E.
Doctor of Philosophy (PhD), Associate Professor of the A.K. Kussayinov Eurasian Humanities
Institute, Astana, Kazakhstan

Editorial Board

Aimuhambet Zh.A.	Doctor of Philological Sciences, Professor, L.N. Gumilyov ENU, Astana, Kazakhstan
Aktayeva K.	Doctor of Philological Sciences, Professor, Poznan Adam Mitskevich University, Poznan, Poland
Absadyk A.A.	Doctor of Philological Sciences, Professor, Kostanay Regional University named after A.Baitursynov, Kostanay, Kazakhstan
Bredikhin S.N.	Doctor of Philological Sciences, Professor, North-Caucasus Federal University, Stavropol, RF
Гайнуллина Ф.А.	Candidate of Philological Sciences, Associate Professor Alikhan Bokeikhan University, Semey, Kazakhstan
Yermekova T.N.	Doctor of Philological Sciences, Professor, Kaz. National Women's Pedagogical University. Almaty, Kazakhstan
Yesirkepova K.K.	Candidate of Philological Sciences, Professor, Kostanay Regional University named after A.Baitursynov, Kostanay, Kazakhstan
Zhusipov N.K.	Doctor of Philological Sciences, Professor, Toraighyrov University, Pavlodar, Kazakhstan
Kurbanova M.M.	Doctor of Philological Sciences, Professor, Tashkent State University of the Uzbek Language and Literature named after Alisher Navoyi, Tashkent, Uzbekistan
Kamzabek D.	Academician of NAS RK, Doctor of Philological Sciences, Professor, L.N. Gumilyov ENU, Astana, Kazakhstan
Kuryszhn L.A.	Candidate of Philological Sciences, Professor, Hankuk University of Foreign Studies Seoul Korea
Oner M.	Doctor of Philological (PhD), Professor, Aegean University, Izmir, Turkey
Pimenova M.V.	Doctor of Philological Sciences, Professor, Foreign Languages Institute, St-Petersburg, RF
Seifullina F.S.	Doctor of Philological Sciences, Professor, Kazan Federal University, Kazan, Tatarstan, RF

Editorial address: 010009, Astana., 4, Prospect Zhumabayev
Tel/Fax: (7172) 561 933: e-mail: eagi.vestnik@gmail.com, сайт: ojs.egi.kz

Bulletin of the Eurasian Humanities Institute.

Owner: «A.K. Kussayinov Eurasian Humanities Institute».

The Ministry of Information and Public Development of the Republic of Kazakhstan Information Committee decided to re-register No. KZ92VPY00046970 17.03.2022

Signed for printing 15.03.2023 Format 60 * 84 1 \ 8. Paper. Printing house

Circulation 200. Price agreed. Order No. 89

Printed in the publishing house of «U.E. Aktaev»

© A.K. Kussayinov Eurasian Humanities Institute

МАЗМҰНЫ-СОДЕРЖАНИЕ-CONTENTS

ТІЛ БІЛІМІ – ЯЗЫКОЗНАНИЕ – LINGUISTICS

БАЙЛИЕВА Ұ.Б., ДАУТОВА Б.Д.	Абай шығармаларындағы ақыл, жүрек, қайрат концептілерінің орыс тіліне аударылу ерекшеліктері.....	7
BAITELIYEVA ZH., KUDERINOVA K.	The peculiarities of the kazakh national speech culture...	22
ЕРҒАЛИЕВ Қ.С., ЕРҒАЛИЕВА С.Ж.	Интернет-коммуникация жанрларының ерекшеліктері.....	36
ЖИРЕНОВ С.А. НУРЕКЕШОВА Г.Р. НҮРСҰЛТАНҚЫЗЫ Ж.	Поэтикалық мәтіндердегі эмоционалдық- экспрессивтік бірліктердің психолингвистикалық сипаты.....	50
ЖОЛШАЕВА М.С. ШАДИЕВА Н.Х.	Қазақ тіліндегі күрделі құрамды етістіктер мәселесі.....	67
ИМАНБЕРДИЕВА С.Қ. ЕГЕНБЕРДІ М.Е.	Паремиядағы төрт түлік атаулары – ұлттық код.....	81
ҚАРТЖАН Н.Е., ИСАКОВА С.С., КЕНЖЕМУРАТОВА С.К.	Ертегі дискурсын зерттеу мәселесі: анықтамасы, жіктелуі және өзара байланысы.....	94
КОШИКБАЕВА Г.Д., ЕЛИКБАЕВ Б.К., БЫБРАЙЫМ А.О.	Қазақ тіліндегі сұраулы сөйлеу актісінің модальдық мағыналары.....	109
ҚАЙДАРОВА Б.М.	Қазақ және ағылшын тілдеріндегі ұлттық-мәдени стереотиптердің лексика-семантикалық ерекшеліктері.....	121
ҚҰРМАНБАЙҰЛЫ Ш.	Әлихан Бөкейхан еңбектеріндегі кірме сөздер қолданысы.....	133
ӨНЕРМ., МҰХТАРОВА Ф.С.	Қазақ тіліндегі түйе түсінігіне қатысты этнографиялық ұғымдар.....	153
САМСЕНОВА Г.С.	Динамика функционирования новостных медиатекстов.....	165
SHANEEN A., SAPINA S., KAUDIROVA A.	Individualization of the term formation process.....	180

ТУРЛЫБЕКОВА И.А., ОСПАНОВА Ж.Т., НУРКЕНОВА С.С.	Сөйлеу мінез-құлқын сипаттайтын фразеологизмдердің ерекшеліктері мен метафора түрлері (Т. Сәукетаевтың романы мысалында).....	193
ЧОБАНОВЛУ Ө., ӘШПРХАНОВА Қ., ЖҰМАТАЕВА З.	Мақал-мәтелдердегі ұлттық мінездің көрінісі.....	207

ӘДЕБИЕТТАНУ – ЛИТЕРАТУРОВЕДЕНИЕ – LITERATURE STUDIES

АЙТУҒАНОВА С.Ш. СҰЛТАН Е.Б.,	Көркем мәтінді семантикалық талдау: символдық бейнелеу.....	221
АРСЛАН М., ЖАЛЕЛОВ Д.С.	Шалкиіз толғауларындағы жауынгерлік рух.....	232
БАЙТАНАСОВА Қ.М.	Ауыл бейнесі және ұлттық таным.....	244
БОЛАТБЕКОВА Ж.Б., ЖҰМАҚАЕВА Б.Д.	Абай шығармаларының шет тілдеріне аударылуы мәселесі.....	259
GALYMZHANOV B.	The spirit of freedom jusip's famous works.....	270
ЕСПЕНБЕТОВ А.С. ЕРДЕМБЕКОВ Б.А. СМАГУЛОВА А.Т.	Абай қарасөздеріндегі адам мінездеріне тезаурустық талдау.....	283
КАЙИМОВ М.Ә., ХАЛИКОВА Н.С. ИБРАГИМОВА У.Б.	Бұқар жыраудың Абылай ханға арнаған жыр- толғауларының басты ерекшеліктері.....	296
САЙФУЛЛАЕВА Н.Б. КЕМЕҢГЕР Қ.Р. КЫНАДЖЫ Д.	Артур Конан Дойлдың «Жирен шаштылар қауымдастығы» әңгімесіндегі қазақ тілді аударманың поэтикасы.....	309
ТАМАБАЕВА Қ.Ө., РАЙЫМБЕКОВА Д.Л., ЖАНҚАЗЫ А.	Шерхан Мұртаза нақыл сөздерінің ұлттық сипаты және берілу ерекшеліктері.....	323

ТІЛ ЖӘНЕ ӘДЕБИЕТТІ ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІ – МЕТОДИКА ПРЕПОДАВАНИЯ ЯЗЫКА И ЛИТЕРАТУРЫ – METHODOLOGY OF TEACHING LANGUAGE AND LITERATURE

KAMIEVA G.K., BISMILDINAD.D., MOLDAKHMETOVA Z.N.	Folk wisdom – a tool for the development of speech competence.....	336
--	---	-----

ХҒТАР 16.21.39

DOI <https://doi.org/10.55808/1999-4214.2023-2.08>*Г.Д. КОШИКБАЕВА¹ Б.К. ЕЛИКБАЕВ² А.О. ЫБЫРАЙЫМ³ 

М. Өуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті, Шымкент, Қазақстан ^{1,2,3}
(e-mail: 75koshikbaeva75@mail.ru¹, Bake3363@gmail.com², Azimchan23@mail.ru³)

ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ СҰРАУЛЫ СӨЙЛЕУ АКТІСІНІҢ МОДАЛЬДЫҚ МАҒЫНАЛАРЫ

Аңдатпа. Мақалада қазақ тіліндегі сұраулы сөйлемдердің болжалдық, қалаулық (тілек, арман), мүмкіндік (мүмкін еместік), міндеттілік (қажеттілік), бұйрықтық модальдық мағыналарын білдіруі талданды. Аталған модальдық мағыналардың негізінен сұрау есімдігі, сұраулық демеулігі қатысқан сөйлемдермен білдіретіні, сондай-ақ осы тілдік бірліктердің қайталануы және басқа да тілдік бірліктермен (модаль сөздер, көмекші етістіктер, тұрақтанған сөз тіркестері, аналитикалық форманттар және т.б.) бірге қолданылуы арқылы күшейе түсетіні анықталды.

Болжалдық, қалаулық (тілек, арман), мүмкіндік (мүмкін еместік), міндеттілік (қажеттілік), бұйрықтық модальдық мағыналарын білдіруде риторикалық сұрақты сөйлемдер белсенді қызмет атқарады. Сонымен қатар мақалада сұраулы сөйлемдерде аталған модальдық мағыналардың басқа да модальдық мәндермен, сөйлеушінің эмоционалды-экспрессивті көзқарасымен, мысалы, зат, құбылыс туралы ақпараттың немесе іс-әрекеттің орындалуының болжалдылығы белгісіздік, күдіктену, күмәндану және т.б. мәндермен астаса берілетіні тілдік деректермен дәлелденді. Сұраулы сөйлемдер білдіретін модальдық мағыналар тұтас мәнмәтіндік мазмұннан, тілдік бірліктердің сөйлеу жағдаятынан, прагматикалық қызметі әсерінен туындайтын имплицитті мағыналарынан да көрінетіні дәйектелді.

Сөйлеушінің сөйлеу жағдаятына байланысты көзқарасын білдіретін модальдық мағыналар сұраулы сөйленімдерді құрылымдық-семантикалық сипаттау, мәнмәтіндік талдау, функционалды-семантикалық талдау, дифференциация және гипотетикалық түсіндіру және трансформациялау әдістері арқылы анықталды.

Түйін сөздер: сұраулы сөйлем, модальдық мағына, болжалдық, қалаулық, мүмкіндік, қажеттілік, бұйрықтық.

Кіріспе. Қазақ тіл білімінде А. Байтұрсынұлы сөйлемді алдымен жалпы

түрлері және айтылу түрлері деп екіге топтастырып, соңғысын сұраулы, лепті, тілекті, жай сөйлем түрінде жіктеп көрсетсе [1,263], Қ. Жұбанов хабар сазды, сұрау сазды, леп сазды сөйлем [2,153] деп бөледі. Сондай-ақ 2002 жылы жарық көрген «Қазақ грамматикасы» еңбегінде сөйлемдер хабарлы, бұйрықты, лепті, сұраулы, атаулы болып бөлінеді [3, 665-676].

Әдістеме және зерттеудің әдістері. Мақалада жалпы және қазақ тіл білімінде сөйлемдерді құрылымы, коммуникативтік мақсаты тұрғысынан зерттеген теориялық еңбектер мен қазақ мәтіндеріндегі тілдік деректер негізге алына отырып, сұраулы сөйлемдерде сөйлеушінің сөйлеу жағдаятына байланысты көзқарасын білдіретін модальдық мағыналарды білдіруі зерттеу нысаны ретінде алынып, сұраулы сөйленімдерді құрылымдық-семантикалық сипаттау, мәнмәтіндік талдау, функционалды-семантикалық талдау, дифференциация және гипотетикалық түсіндіру және трансформациялау әдістері қолданылды.

Талқылау мен бақылау. Мақаланың нысаны болып отырған сұраулы сөйлемдердің коммуникативтік қызметін зерттеушілер былайша көрсетеді: біріншіден, сөйлеушінің әңгімелесушіден бір нәрсені білуі, екіншіден, әңгімелесушіні қойылған сұрауға жауап беруге итермелеуі, яғни сөйлеушінің өз сөйлеу актісін тыңдаушыны ізделетін ақпаратқа жауап беруге қозғау салуы (бұйыруы) [4, 151-169], сұрау актісі «бір-нәрсені хабарлау, қандай да бір ақпаратты беруді өтіну» болып табылады [5, 49], сұраулы сөйленімдер сөйлеушінің заттарға, адамдарға, олардың сындарына, кеңістіктік және уақыттық шекараларына, іс-әрекеттің сипатына (орны, өту деңгейі және т.б.) және т.б. қатысты ақпаратты анықтау мақсатында айтылады [5, 109].

Ғалым Е.В. Рагозина сұраулы сөйлемдерді сұраулы-хабарлы (риторикалық және эмоциональды сұрау) және сұраулы-бұйрықты сөйлемдер деп бөліп, олардың модальды мағыналарын «сұрау модальділігі» деп атайды [6, 15]. Сонымен қатар сұраулы сөйлемдердің бұйыру интенциясын білдіруі кейбір ғалымдарға сұрау модальділігін бұйыру модальділігінің бір түрі ретінде қарастыруға негіз болған (Пешковский, 1956; Милых, 1958; Щербань, 1991).

1967 жылғы «Қазақ тілінің грамматикасында» сұраулы сөйлемдер мағыналық жақтан ашық, альтернативтік, риторикалық, түрткі сұрақ, қызметі жағынан негізгі сұрақты, жетек сұрақты, анықтаушы сұрақты білдіретін сөйлемдер [7,121] болып жіктеледі.

Сонымен қатар сұраулы сөйлемдерді қолданылу ерекшеліктеріне қарай ашық, демеу, риторикалық мәнді сұраулы сөйлемдер [8,47], субъектінің, предикативтік іс-әрекеттің, сапаның, сынның, іс-қимыл объектісінің, іс-қимылдың сапасының, себебінің, мекенінің, мезгілінің, зат сапасының, сынының, санының іздеуді екенін білдіретін сұраулы сөйлемдер [9, 63] болып бөлінеді.

Зерттеушілер Ж.А. Құсайынова мен С.Н. Сәменова «сұраулы, бұйрықты

сөйлемдер «болжау», «жорамалдау» модальді мәндерін имплицитті амалдар арқылы білдіретінін және сұраулы, бұйрықты сөйлемдер мәтін аясында контекстік семантика және тілдік бірліктердің прагматикалық қызметі әсерінен түрленуге бейімделетінін; сұраулы, бұйрықты сөйлемдердің мағынасын, функциясын тек семантикалық кеңістікте дәл анықтауға мүмкін екенін» айтады [10, 66].

Мақалада жалпы және қазақ тіл білімінде сөйлемдерді құрылымына, коммуникативтік мақсатына қарай зерттеген теориялық еңбектер мен қазақ мәтіндеріндегі тілдік деректер негізге алына отырып, сұраулы сөйлемдерде сөйлеушінің сөйлеу жағдаятына байланысты көзқарасын білдіретін модальдық мағыналарды білдіруі зерттеу нысаны ретінде алынды.

Нәтижелер. Тіл біліміндегі зерттеулерді және тілдік материалдарды негізге ала отырып, сұраулы сөйлемдер арқылы білдірілетін модальдық мағыналарды төмендегіше топтастырамыз:

1. Сұраулы сөйлемдердің болжалдық мағынасын білдіруі

а) Болжалдық мағына сұрау есімдігі қатысқан сөйлем арқылы білдіріледі. Мысалы, Бұған дейін Еснейдің атақ-даңқынан ығысып келген өшті-қасты елдер алдақашан ұмытылған кектерін естеріне алмасына кім кепіл? (Ғ.Мүсірепов) – кектерін естеріне алуы мүмкін екендігі болжанып айтылады. Өзін ақ шытырамен қымтап қойған ба қалай... (Ә.Кекілбаев) – ақ шатырмен қымтап қойғандығы болжанады. Даусы қоюланып алған ба, қалай (Ғ.Мүсірепов) – даусының қоюланғаны болжалды түрде айтылады.

ә) Болжалдық мағына сұраулық демеулігі қатысқан сөйлем арқылы білдіріледі. Мысалы, Қазір бізге сонау Жапонияға жетуден де дәмете алатындай жағдай туып тұрған жоқ па? (Ә.Кекілбаев) – Жапонияға жететін жағдайдың туып тұрғандығы болжанып айтылады.

Болжалдық мағына сұраулық демеулігі қатысқан сөйлемде екен, еді көмекші етістігі арқылы күшейе түседі. Мысалы, Өзі де ұл-қыз өсіріп, ешкімнің ала жібін аттамай, адал ғұмыр кешіп келе жатқан азамат екенін аңғарту ма екен? (О.Бөкей) – адал ғұмыр кешіп келе жатқан азамат екенін аңғартуы болжалды түрде жеткізіледі.

Болжалдық мағынасы сұраулы сөйлемде басқа да тілдік бірліктердің қолданылуы арқылы күшейе түседі. Мысалы, Қайырғали болмаса Нағымет пен Нұрбикенің жолы түйісер ме еді, әлде қайтер еді?! (Р.Ниязбеков) – Нағымет пен Нұрбикенің жолының түйісуі немесе түйіспеуі болжалды түрде айтылады. Бұл сөйлемдегі болжалдық мән әлде қайтер еді сөз тіркесі арқылы күшейтіле түскен.

Сөйлемде нақты бір зат, құбылыс туралы ақпараттың немесе іс-әрекеттің орындалуының болжалдылығы белгісіздік мәнімен астаса берілуі мүмкін. Мысалы, Бұлардың қайсысы келіп, қайсысы келмес екен? (Ш.Айтматов). Келтірілген сөйленімде сұрау есімдігі қайталанып қолданылып, болжалды мағына белгісіздік мәнімен астаса берілген.

Сөйлемде зат, құбылыс туралы ақпараттың немесе іс-әрекеттің орындалуының болжалдылығы күдіктену, күмәндану мәнімен астаса берілуі мүмкін. Мұндай сөйлемде жоқ модаль сөзі қатысып, сұраулық демеулігі қайталанып қолданылады. Мысалы, Аман қайтып жете алар ма, жоқ па (Ғ.Мүсірепов); –Ақырын кім біледі, бәлкім енді оны көрем бе, жоқ па? (М.Жұмағұлов).

Болжалдық мағынаның күдіктену, күмәндану мәнімен астасып келуі тұтас сөйлемнің мазмұнынан, оған қатысатын тілдік бірліктердің прагматикалық мағынасынан көрінеді. Мысалы, Ақмаралға ұнар ма екен?- деп сұрады (Ғ.Мүсірепов) – ұнауы да, ұнамауы да мүмкін; –Нағыз кәнігі жұмыскер шыға ала ма осылардан?.. (Ғ.Мүсірепов) – шығу да, шықпауы да мүмкін.

2. Сұраулы сөйлемдердің қалаулық (тілек, армандау) мағынасын білдіруі

а) Қалау, тілек, армандау мағыналары сұрау есімдігі қатысқан сөйлем арқылы білдіріледі. Мысалы, Желп-желп еткен ала тау, Жиырып алар күн қайда?! Оралса мылтық тарс ұрып, Жауға аттанар күн қайда?! (Махамбет); Мұны көріп Қамбардың, Жоқшылық кірді есіне. Қымызы бар деп ақ үйдің Түсемін барып несіне? (Қамбар батыр).

Сұрау есімдігі қатысқан сөйлемде болымсыз тұлғадағы -ғы,-гі кел аналитикалық форманты мен дейсің лексемасы тіркесіп келсе, қалаулық мағына береді. Мысалы, Бүгінде кімнің сыйлық алып, айдарынан жел есіп, алшаң басып жүргісі келмейді дейсің? (Р.Ниязбеков) – бәрінің алшаң басып жүргісі келеді; Көк машина мінген болмаса, көлденең жолыққан көк атыға бұрылып та қарамайды. Өйткені қой да соларда, той да соларда. Ал кімнің ет жегісі келмейді дейсің? (Р.Ниязбеков) – бәрінің ет жегісі келеді.

ә) Қалау, тілек, армандау мағыналары сұраулық демеулігі қатысқан сөйлем арқылы білдіріледі. Мысалы, Қалаға қабылан жаулар тигей ме, Қабырғадан дұспан жалдап жүргей ме, Қатарланып, қарланып, Қайран ер қарт күреңге мінгей ме! (Доспанбет жырау); Теңдік тиер бізге де күн келер ме? Бізден соңғы еркін күнді көрер ме? «Адам болмай, осы көрім жансын» деп, Надандықтың жаққан оты сөнер ме?! Оңнан айым, күнім тutyп сол жақтан, Алашыма айнадай сәуле берер ме? (Б.Күлеев); Қарадан шықса да хан ұлына теңеліп, ел ұранына айналғандар туған Дарабоз бір бәйтерек болғанда, оның бұтағына қырандар ұя салмас па, бұлбұлдар келіп қонбас па? (Қ.Жұмаділов).

Қалау, тілек, арман мағыналары сұраулық демеулігі қатысқан сөйлемде екен, еді көмекші етістігі арқылы күшейе түседі. Мысалы, Алмас тілді немесе, Шешен болар ма екенсің?.. (С. Сейфуллин); – Сардар аға! – деді бір мезетте қонақ үйге қайта оралып. – Сіз құдай артық жаратқан шарапатты адамсыз ғой. Кісеңіз бен қылышыңызды беріңізші. Қысылғанда келініңізге медет беріп, бөгет боп тұрған ібіліс-шайтан болса қуып тастар ма екен?! (Қ.Жұмаділов).

Сұраулы сөйлемде сұраулық демеулігі болымсыз тұлғадағы -ғы,-гі кел

аналитикалық формантынан кейін келіп, болымды қалаулық мағына білдіреді. Мысалы, Тәтті асты кісінің жегісі келе бермей ме? (С. Мұқанов) – жегісі келе береді.

3. Сұраулы сөйлемдердің мүмкіндік (мүмкін еместік) мағынасын білдіруі

а) Мүмкіндік (мүмкін еместік) мағынасы сұрау есімдігі қатысқан сөйлем арқылы білдіріледі. Мысалы, Оны қайтып қуып шыға алады? (Ә.Кекілбаев) – қуып шыға алмайды; –Бір заманда анасындай боп кеткен адаммен біржолата ажырасқан соң екінші рет сол үйге қалай бас сұға алады? (Д. Исабеков) – бас сұға алмайды; Кандидаттық диссертациясын қорғайтын күні алай-дүлей боран соғып, қалың қар жауғанын қалай ұмытады? (Б. Мұха) – ұмыта алмайды; Жаттан шыққан, қаптап жатқан жауыз бен жауыздықты қайтып тыясың? (М. Әуезов) – тыя алмайсың; Енді сұрамай, анығын білмей неғып шыдарсың!? (Б. Майлин) – шыдай алмайсың; Бала болмаса, сол кезде ішіндегі дәні шіріп, кеуіп қалған шөптің қауызындай бос өмірдің кемтігін кім толтырар? (М. Жұмабаев) – ешкім толтыра алмайды.

Сұрау есімдігі қатысқан сөйлемде мүмкіндік (мүмкін еместік) мағынасы мына құрылымдар арқылы білдіріледі:

-мақ және -у + қайда: Мысалы, Жер мен көктің арасынан шығып кетіп, Басқа бір құдайды іздеп таппақ қайда (Шал ақын) – таба алмайсың; –...бұл да (Сұлтанмахмұт) жаман ақын емес, бірақ Абайдай болу қайда! (С. Мұқанов) – Абайдай бола алмайды; –Көріп келгендер,– деді ол,– ауылда жақсы дейді, ойын сауығы көп дейді, жаздай кең далада жайлауда болады дейді. Соған барғың-ақ кеп құмартасың, бірақ бару қайда (С.Мұқанов) – бара алмаймын.

-ып ал + қайтсін: Мысалы, Мұндай жаппай сапырмайым кезде ақылы жеткен кісі алаяқ, батылы жеткен кісі сұғанақ, төзімі жеткен кісі тоңмойын болып алмай қайтсін? (Ә.Кекілбаев). Бұл сөйлемде -ып ал үлгісі болымсыз түрде келіп, ол арқылы жасалған мүмкіндік мағына болымсыз мағыналы қайтсін лексикалық бірлігі мен әрекеттесіп, «ақылы жеткен кісінің алаяқ, батылы жеткен кісінің сұғанақ, төзімі жеткен кісінің тоңмойын бола алатынына», яғни іс-әрекеттің болымды орындалуына риторикалық сұрақ арқылы сөйлеушінің эмоционалды көзқарасы берілген. Бұл үлгінің мүмкін еместік өрісін білдіруі де өте сирек ұшырасады. Мысалы, Көршіні таңдап алмайсың (М.Мағауин) – таңдап ала алмайсың.

Сұрау есімдігі қатысқан сөйлемде мүмкін еместік мағынасы дәті бару, қолынан келу, дәрмені болу тұрақты тіркестері арқылы білдіріледі. Мысалы, – Сен жақсы көрген нәрсені менің жек көруге қалай дәтім бармақ? (Д. Исабеков) – жек көре алмаймын; Шешең екеуміздің қолымыздан бұларды шолпылдатып сүйгеннен басқа не келсін (Б.Мұха) – қолымыздан басқа ештеңе келмейді; – Қатын сорлының күні құрысын. Құрысын да күң боп өткен күні! Жылағаннан басқа не дәрмені бар? (М. Әуезов) – жылағаннан басқа ештеңе істей алмайды.

Сұрау есімдігі қатысқан сөйлемде мүмкін еместік мағынасы баяндауышы -ушы е құрылымына аяқталған сөйлем арқылы да білдіріледі. Мысалы, –Өз төбеке ойнақтаса көрер ем, әруағымыз көрінде, соның төбесіне кеп тайтаңдап ойнақ салды. Сені мен менің өлер күнімізде бетке таңба түсті. Сені аяғанмен, айтпай тына алмадым. Өзгенің кіміне айтушы ем мұны! Қай итіне шағушы ем! (М.Әуезов) – бетке түскен таңбаны өзге ешкімге айта алмадым. –Аузынан емшек сүті кетпеген жас бала нені біліп, нені таңдай алушы еді? (Қ.Жұмаділов) – таңдай алмайды.

Мүмкін еместік мағынасы не сұрау есімдігі қатысқа сөйлемде деп + бару, алу, түсіну үлгісімен де білдіріледі. Мысалы, Құрбан. Айтып отырмын ғой, кетем дегендеріңе жол ашық. Байбол. Мұнда тек елім деген ердің ері, егеудің сынығы ғана қалады. Мысалы мен қазір не деп барам? (Қ.Мұхамеджанов) – бара алмаймын; Аты Әмірхан болды, әңгімесі көп болды, өзі колхоз мүшесі, өзі жұмыссыз... Не деп түсінерсіз бұған? (Б.Майлин) – түсіне алмайсың.

ә) Мүмкіндік (мүмкін еместік) мағынасы сұраулық демеулігі қатысқан сөйлем арқылы білдіріледі. Мысалы, Әкесі қарғысынан қайтпады. Бірақ қазаға қиятын қыршын жас Әмір ме еді?! (М.Әуезов) – Әмірді қазаға қия алмайсың; Іштік қой шампанын да, сырасын да, сыйлап беріп тұрғанда тұрасың ба (М.Мақатаев) – сыйлап беріп тұрса, тұра алмайсың; Өкпеге қисаң да өлімге қиясың ба ағайынды (Қ.Жұмаділов) – өлімге қия алмайсың; –Ойбай, боран Шыңғыстан соғып тұр. Өзі титықтап тұрған мал қарсы баса алар ма? (М.Әуезов) – қарсы баса алмайды; Бір күнде бола қоя ма? (Ш.Айтматов) – бір күнде болмайды; Айға жуық уақытта келе қоя ма? (М.Мағауин) – келе алмайды.

Мүмкін еместік мағынасы етістікке деймісің (дейсің бе) сөзінің (дұрысы, жалпы жақ мағыналы 2-жақ тұлғасындағы де көмекші етістігі мен бе сұраулық демеулігі) тіркесуі арқылы да білдіріледі. Мысалы, 2-қыз. Редакторымыз осының өзімен жүреді деуші еді ғой. 1-қыз. Жүрсе қайтеді? Ер жігіт екен. Дұрыс істеген. Ондай ақсаусақтан опа табады деймісің түбінде (А.Шамкенов); – Сейітбатталдың сұлу келіншегі сонау Түркістанға, қашып кеткен еліне барар деймісің (С.Жүнісов); – Мама, сен жазылып кетесің! Құдай біздің даусымызды естімейді дейсің бе (Б.Мұха). Алғашқы сөйлемде опа табады деймісің түбінде тіркесімі «опа таба алмайды» деген, ал екінші сөйлемдегі барар деймісің оралымы «бара алмайды» деген мүмкін еместік мағынаны білдіріп тұр. Бұл екі сөйлемде де де көмекші етістігі болымды тұлғада келіп болымды (күрделі) етістікпен тіркескен. Ал үшінші сөйлемде де көмекшісі бе сұраулық демеулігімен бірге қолданылып, болымсыз тұлғадағы етістікпен тіркесіп, «ести алады» деген іс-қимылдың орындалуына сенімін, үмітін білдіреді. Іс-әрекеттің орындалу мүмкіндігін/мүмкін еместігін дейсің бе құрылымы қатысқан сөйлемдерде сөйлеушінің эмоционалды-экспрессивтік көзқарасы қоса берілетіні айқын байқалады.

Мүмкін еместік мағына -ушы еді құрылымының арасына ма сұраулық

демеулігі қатысқан сөйлемдерде де беріледі. Мысалы, Максим. Оның жай романтика. Баян. Романтикасыз жастар болушы ма еді? (А.Шамкенов) – романтикасыз жастар болмайды; ...еңбек қылып, еркек болып жауды шапқан ел олжа алмай қайтушы ма еді (М.Әуезов) – олжа алмай қайта алмайды.

4. Сұраулы сөйленімдердің міндеттілік (қажеттілік) мағынасын білдіруі

а) Міндеттілік, қажеттілік мағыналары сұрау есімдігі қатысқан сөйлем арқылы білдіріледі. Мысалы, Телефон тұтқасын іле салдым. Ғабеңнің өзі шақыртқан екен. Қалай бармассың (М.Рәш) – бару керек; Мәселен жазушы Төлен Әбдіковтің жақында «Парасат майданы» атты повесі жарияланды. Осы повесті неге талдамасқа? (Ә.Меңдеке) – талдау керек; Қазақтың талай былық жұмысы бар. Кімдікі дұрыс, кімдікі теріс екеніне көз жетпейді. Кімнің сөзін сөйлерсің?.. (Ж.Аймауытов Ж) – ешкімнің сөзін сөйлемейің керек; Бірақ, осы ақ патшаға қалмақтың тыныштығы, башқұрттың тыныштығы, ноғайдың тыныштығы керек болғанда, қазақтың тыныштығы неге керек болмайды? (Ә.Кекілбаев) – қазақтың да тыныштығы керек.

Міндеттілік, қажеттілік мағыналары қажеті қанша, қажеті не, не қажеті бар тіркестері арқылы білдіріледі. Мысалы, «Би екеу болса, дау төртеу болады» деген бұрынғылар. Тәңірі төбесіне тұтып, Тәуекелдің бағын асырды. Енді тізгінді беріңіз де, артын құдайдан күтіңіз. Дауды көбейтіп қажеті қанша (М.Мағауин) – дауды көбейтпеу керек; – Бұларға оқ шығындап қажеті не? (С.Жүнісов) – оқ шығындау қажет емес; [Астықты] Бүгін мемлекет қоймасына төгіп, ертең қайтып тасымалдаудың не қажеті бар (С.Жүнісов) – қайта тасымалдау қажет емес.

ә) Сұраулық демеулігі қатысқан риторикалық сұрақты сөйлемде міндеттілік, қажеттілік мағыналары төмендегі құрылымдар арқылы білдіріледі:

- ма, ме, па, пе, ба, бе сұраулық демеулігі қатысқан сөйлемдерде міндеттілік мағынасы бүкіл сөйлем мазмұны арқылы көрінеді: –Не көрінді сендерге? Неге ұйлығасыңдар? Адамшылықтарың қайда? Кілең бағланды қолдан тізіп беріп, үйде тыныш отырмақсыңдар ма? – деп, денелі келген қара торы әйел шаптыға сөйлеп, көз жасына булығып жылап та жіберді (Б.Майлин) – үйде тыныш отырмай, әрекетке кірісулері керек; –Бір шаңырақтың астында тұрып, араласпау деген орынды деп ойлайсыз ба? (А.Шамкенов) – бір шаңырақтың астында тұрып, өмір сүріп жатқан адамдар бір-бірімен араласуға міндетті;

-с тұлғалы болымсыз есімшеден кейін па, пе сұраулық демеулігі қатысқан сөйлемдер арқылы көрінеді: –...Бәсе десейші, сөйтпес пе (Б.Майлин) – сөйту керек, солай істеу керек; Балалық істеп отыр Махмұт. Хазіреттің ықыласын түсірген тәңірге шүкіршілік ету керек емес пе (Д.Әбілов) – шүкіршілік ету керек.

Сұраулы сөйлемде қажеттілік мағынасы шамасы бар ма, лажы бар ма, шарасы бар ма тұрақты тіркестері қатысқан сөйленім арқылы білдіріледі. Мысалы, Қимаймын өзінді... Бірақ құдай басқа салған соң, көнбеске лажың бар ма? (Қ.Жұмаділов) – көнуің керек.

Сұраулы сөйлемде міндеттілік мағынасы амал не, не шара бар, амал бар ма, амал жоқ тұрақты тіркестері арқылы білдіріледі: Сафура. Ал жүреміз бе? Сапар. Солай деп шешсеңіз, амал бар ма?! (Д.Исабеков) – жүруге тура келеді, жүру керек; Әкесі берсе, қыздың тимейтін шарасы бар ма? (Б.Майлин) – тиюі керек.

5. Сұраулы сөйлемдердің бұйрықтық мағынасын білдіруі

а) Бұйрықтық мағынасы сұрау есімдігі қатысқан сөйлем арқылы білдіріледі. Мысалы, – Мына жау алғырға не болған? Әй! Әй, сендер неге үрлемейсіңдер? (Ә.Нұрпейісов) – үрлеңдер; – Көкшешек, аңдығаныңды қашан қоясың, осы?! (С.Мұратбеков) – аңдығаныңды қой;

ә) Бұйрықтық мағынасы сұраулық демеулігі қайталанып қолданылған сөйлем арқылы білдіріледі. Мысалы, – Жоқ, аттанасың! - деді Кодаленко бұйрықты, сызды дауыспен. Енді сөз таластыруда мән жоғын көрдім де, мен үндемедім. – Аттанысың ба, жоқ па? - деді Кодаленко, мен үндемей қалған соң «әй, бәлем, жеңілдің бе?» дегендей (С. Мұқанов) – аттан; – Бересің бе, бермейсің бе? Мен сені күте алмаймын (Ә. Нұршайықов) – бер; –Кетесің бе, жоқ па? (А.Шамкенов) – кет; –Бұл үйдің шайы қайнай ма, жоқ па?! (Ж.Нәжімеденов) – шай беріңдер.

Сұраулы сөйлемде бұйрықтық мағына жалпы сөйлем немесе мәтін арқылы түсінілетін жағдайлар көптеп кездеседі. Мысалы, –Сен әлі сұрағың келген екен? Әкел дегенді құлағың ести ме? (Б.Майлин) – әкел; –Сусын бар ма, шөлдедім, сусын бар ма, шөлдедім (С.Жүнісов) – сусын беріңдер; –Әй, бұл шай беретін үй ме деймін мен саған (Ж.Нәжімеденов) – шай беріңдер.

Қорытынды. Сұраулы сөйлемдер болжалдық, қалаулық (тілек, арман), мүмкіндік, міндеттілік (қажеттілік), бұйрықтық модальдық мағыналарын білдіреді. Болжалдық мағынасы негізінен сұрау есімдігі, сұраулық демеулігі қатысқан сөйлем арқылы білдіріледі. Болжалдық мағына сұрау есімдігінің, сұраулық демеулігінің қайталануы және басқа да тілдік бірлік бірліктердің қолданылуы арқылы күшейе түседі. Қалаулық (тілек, армандау) мағынасы негізінен сұрау есімдігі, сұраулық демеулігі қатысқан сөйлем арқылы білдіріледі. Қалаулық мағына басқа да тілдік бірлік бірліктердің қолданылуы арқылы күшейе түседі. Мүмкіндік (мүмкін еместік) мағынасы негізінен сұрау есімдігі, сұраулық демеулігі қатысқан сөйлем арқылы білдіріледі. Сұрау есімдігі қатысқан сөйлемде мүмкіндік (мүмкін еместік) мағынасы әртүрлі құрылымдар, тұрақты тіркестер арқылы білдіріледі. Міндеттілік (қажеттілік) мағынасы негізінен сұрау есімдіктері, сұраулық демеулігі қатысқан сөйлем арқылы білдіріледі. Сұраулық демеулігі қатысқан риторикалық сұрақты сөйлемде міндеттілік, қажеттілік мағыналары әртүрлі құрылымдар арқылы білдіріледі. Бұйрықтық мағынасы негізінен сұрау есімдігі, сұраулық демеулігі қатысқан сөйлем арқылы білдіріледі.

Болжалдық, қалаулық (тілек, арман), мүмкіндік (мүмкін еместік),

міндеттілік (қажеттілік), бұйрықтық модальдық мағыналарын білдіруде риторикалық сұрақты сөйлем белсенді қызмет атқарады. Аталған модальдық мағыналар сұраулы сөйлемдерде басқа да модальдық мәндермен, сөйлеушінің эмоционалды-экспрессивті көзқарасымен, мысалы, зат, құбылыс туралы ақпараттың немесе іс-әрекеттің орындалуының болжалдылығы белгісіздік, күдіктену, күмәндану және т.б. мәндермен астаса беріледі. Сұраулы сөйлемдер білдіретін модальдық мағыналар тұтас мәнмәтіндік мазмұннан, тілдік бірліктердің сөйлеу жағдаятынан, прагматикалық қызметі әсерінен туындайтын имплицитті мағыналарынан да көрінеді.

Әдебиеттер:

1. Байтұрсынов А. Тіл тағлымы. – Алматы: Ана тілі, 1992. – 448 б.
2. Жұбанов Қ. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. – Алматы: Ғылым, 1999. – 581 б.
3. Қазақ грамматикасы. Фонетика, сөзжасам, морфология, синтаксис. – Астана, 2002. – 784 б.
4. Серль Дж. Что такое речевой акт? // Новое в зарубежной лингвистике. – М.: Прогресс, 1986. – Вып. 17. – С.151-169.
5. Jespersen J. Modern English grammar. Vol. 1-7. – L., 1909. – 348 p.
6. Рагозина Е.В. Модальность вопросительных предложений в современном русском языке. 10.02.01 – русский язык. Автореферат дисс. канд. филол. наук. – Калининград, 2008. – 37 с.
7. Қазақ тілінің грамматикасы. Синтаксис: I, II бөлім. – Алматы: Ғылым, 1967. – II бөлім. – 236 б.
8. Төлегенов О. Жалпы модальді және мақсат мәнді жай сөйлем типтері. – Алматы: Мектеп, 1968. – 179 б.
9. Әмір Р., Әмірова Ж. Жай сөйлем синтаксисі. – Алматы: Қазақ университеті, 2003. – 199 б.
10. Құсайынова Ж.А., Сәменова С.Н. «Болжау», «жорамалдау» модальді реңктерінің синтаксистегі көрінісі // Еуразия гуманитарлық институтының Хабаршысы. №3/2022. – 62-69-беттер. <https://doi.org/10.55808/1999-4214.2022-3.06>

Г.Д. КОШИКБАЕВА, Б.К. ЕЛИКБАЕВ, А.О. ЫБЫРАЙЫМ

Южно-Казахстанский университет имени М. Ауэзова, Шымкент, Казахстан

МОДАЛЬНЫЕ ЗНАЧЕНИЯ ВОПРОСИТЕЛЬНЫХ РЕЧЕВЫХ АКТОВ В КАЗАХСКОМ ЯЗЫКЕ

Аннотация. В статье анализируется выражение модальных значений предположительности, желательности (желания, мечты), возможности (невозможности), долженствования (необходимости), побудительности вопросительных предложениях на казахском языке. Выявлено, что указанные модальные значения выражаются в основном предложениями, в которых присутствуют вопросительные местоимения и вопросительные частицы, а

также усиливаются повторением этих языковых единиц и их совместным использованием с другими языковыми единицами (модальными словами, вспомогательными глаголами, фразеологизмами, аналитическими формантами и т. д.).

В выражении модальных значений предположительности, желательности (желания, мечты), возможности (невозможности), долженствования (необходимости), побудительности активно функционируют риторические вопросительные предложения. В статье доказано, что указанные модальные значения могут быть выражены в сочетании с другими модальными и эмоционально-экспрессивными значениями, например, предположительность информации о предмете, явлении или выполнении действия со значениями неопределенности, подозрительности, сомнения и т.д. Модальные значения, выражаемые в вопросительных высказываниях, выражаются также содержании целостного высказывания, прагматическом значении, вытекающего из речевой ситуации.

Модальные значения, выражающие отношение говорящего к речевой ситуации, определялись методами структурно-семантического описания, контекстного анализа, функционально-семантического анализа, дифференциации и гипотетической интерпретации, а также трансформации вопросительных высказываний.

Ключевые слова: вопросительное предложение, модальное значение, предположительность, желательность, возможность, долженствование, побудительность.

G.D. KOSHIKBAYEVA, B.K. YELIKBAYEV, A.O. YBYRAYIM
M. Auezov South Kazakhstan University, Shymkent, Kazakhstan

MODAL MEANINGS OF INTERROGATIVE SPEECH ACTS IN THE KAZAKH LANGUAGE

Abstract. The article analyzes the expression of modal meanings of supposition, desirability (desires, dreams), possibility, obligation (necessity), motivation of interrogative statements in the Kazakh language. It was found out that these modal meanings are expressed mainly by sentences in which interrogative pronouns and interrogative particles are present, and are also reinforced by the repetition of these linguistic units and their joint use with other linguistic units (modal words, auxiliary verbs, phraseological units, analytical formants, etc.).

In the expression of the modal values of assumption, desirability (desire, dream), possibility (impossibility), obligation (necessity), motivation, the rhetorical interrogative sentence is actively functioning. It is also proved in the article that these modal values can be expressed in combination with other modal and emotionally

expressive values, for example, the assumption of information about a particular subject, phenomenon or performance of an action with the values of uncertainty, suspicion, doubt, etc. Modal values expressed in interrogative statements are also expressed in the content of a holistic statement, a pragmatic meaning arising from a speech situation.

Modal meanings expressing the speaker's attitude to the speech situation were determined by methods of structural-semantic description, contextual analysis, functional-semantic analysis, differentiation and hypothetical interpretation, as well as transformation of interrogative statements.

Keywords: interrogative utterance, modal meaning, suppositibility, desirability, possibility, obligation, motivation.

References:

1. Baitursynov A. Til tagylymy. – Almaty: Ana tili, 1992. – 448 b.
2. Zhubanov H. Qazaq tili zhonindegi zertteuler. – Almaty: Gylym, 1999. – 581 b.
3. Kazakh grammatikasy. Fonetika, sozzhasam, morfologia, sintaksis. – Astana, 2002. – 784 b.
4. Serl Dhz. Chto takoe reshevoi akt? // Novoe v zarubezhnoi lingvistike. – M.: Progress, 1986. – Vyp. 17. – S. 151-169.
5. Jespersen J. Modern English grammar. Vol. 1-7. – L., 1909. – 348 p.
6. Ragozina E.B. Modalnost boprositelnyh predlozhenii b sobremennom rusском iazyke. 10.02.01 – russkii iazyk. Abtoreferat diss. kand. filol. nauk. – Kaliningrad, 2008. – 37 s.
7. Qazaq tilinin grammatikasy. Sintaksis: I, II bolim. – Almaty: Gylym, 1967. – II bolim. – 236 b.
8. Tolegenov O. Zhalpy modaldy zhane mahsat mandi zhai soilem tipteri. – Almaty: Mekter, 1968. – 179 b.
9. Amir R., Amirova Zh. Zhai soilem sintaksisi: Oqulyq. – Almaty: Qazaq unibersiteti, 2003. – 199 b.
10. Husaiynova Zh.A., Samenova S.N. «Bolzhau», «zhoramaldau» modaldi renkterinin sintaksistegi korinisi // Eurazia gumanitarlyh institutynyn Habarshysy / – №3. – 2022. – B. 62-69. <https://doi.org/10.55808/1999-4214.2022-3.06>

Авторлар туралы мәлімет:

Кошикбаева Гульжахан Дастановна – М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінің докторанты, Шымкент, Қазақстан

Кошикбаева Гульжахан Дастановна – докторант Южно-Казахстанского университета имени М. Ауэзова, Шымкент, Казахстан

Koshikbayeva Gulzhakhan Dastanovna – doctoral student, M. Auezov South Kazakhstan University, Shymkent, Kazakhstan

Еликбаев Бауыржан Кошкинбайұлы – филология ғылымдарының докторы, М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінің доценті,

Шымкент, Қазақстан.

Еликбаев Бауыржан Кошкинбайұлы – доктор филологических наук, доцент Южно-Казакстанского университета имени М. Ауэзова, Шымкент, Казакстан.

Yelikbayev Bauyrzhan Koshkinbayuly – Doctor of Philology, Associate Professor M. Auezov South Kazakhstan University, Shymkent, Kazakhstan.

Ыбырайым Әзімхан Оразбайұлы – филология ғылымдарының кандидаты, М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінің доцент, Шымкент, Қазақстан

Ыбырайым Азимхан Оразбаевич – кандидат филологических наук, доцент Южно-Казакстанского университета имени М. Ауэзова, Шымкент, Казакстан

Ybyrayim Azimkhan Orazbaevich – Candidate of Philological Sciences, Associate Professor M. Auezov South Kazakhstan University, Shymkent, Kazakhstan